





Пәннің аты:қазақ тілі	Уақыты:20.10.2016	Кабинет:40	Мұғалім:Калиева А.А.
Сабақтың атауы	Дауыссыз л мен р		
Мақсаты	<p>Білімділік: сөз басындағы л, р әріптерінің алдынан ы, і, естілгенімен, ы мен і жазылмайды.</p> <p>Дамытушылық: дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажырата білуге, сауатты жазуға үйрету,сөздік қорын дамыту.</p>		
Күтілетін нәтиже	<p>Тәрбиелік мәні: көркем, таза сөйлеуге тәрбиелеу</p> <p>Сабақтың әдіс – тәсілдері: сұрақ-жауап, жаттығу, талдау, жатқа жазу</p> <p>Пәнаралық байланыс: әдебиеттік оқу</p> <p>Көрнекілік: ереже, фонетикалық талдаудың шартты белгілері</p>		
Психологиялық ахуал	<p>Кел балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек? Көңілді болып жүрейік. Кел балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!</p>	<p>Оқушылар шеңберде жиналып,мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.</p>	
Қызығушылықты ояту	<p>* Үй тапсырмасын тексеру. 118-жаттығуды тексеру. *Ережелерді тексеру.</p>	<p>Жаңа сабаққа деген қызығушылықтары оянып,ерекше ынтамен кіріседі.</p>	
Мағынаны тану	<p>Жаңа сабақ. Суреттің орнына тиісті сөзді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Лимон- емдік қасиеті бар жеміс. 2. Радио арқылы көптеген жаңалық естиміз. 3. Леп белгісі сөйлем соңынан қойылады. <p>Ереже: Сөз басындағы л, р, әріптерінің алдынан ы,і естілгенімен, ы мен і жазылмайды. Суреттің атын қатыстырып сөйлемдер құра.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">    </div> <p>Күн ретін жазу Көркем жазу Лл Лл Лл -Енді, мен сендерге дыбыстарға қатысты өлең оқығым келеді. Сендер тауып көріндерші, қандай дауыссыз дыбыстарға арналған? Лағын жардан секіріп Лайып кетті бұлақты Лайықсыз іс істеп Лайлауы ұятты (Л) Райхан – қызыл гүл Раушан – ашық гүл Райхан мәз болып Реттеп тасып жүр (Р) - Л мен Р дауыссыз дыбыстарға арналғанын қалай білдіңдер? - Дұрыс . Өлеңде л мен р дауыссыз дыбыстар көп кездеседі. - Осы дауыссыз дыбыстарды өздеріміз дене қимылдарымызбен, сымбатты денелерімізбен көрейікші.</p>		

	<p>- Л, Р</p> <p>- Міне, тамаша ! Сымбатты денелерімізбен әп-әдемі әріптер жасадық. Сендер сияқты жақсы балалардың қолынан бәрі келеді.</p> <p>- Л, Р дауысты дыбыстар ма, әлде дауыссыз дыбыстар ма?</p> <p>- Неге ? Себебін айтыңдаршы ?</p> <p>- Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.</p> <p>- Ал, енді л мен р дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме берейік:</p> <p>а) Үн мен салдырдың қатысына қарай :</p> <p>р, л-үнді Δ</p> <p>Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда салдырдан гөрі үн басым.</p> <p>Оқулықпен жұмыс.</p> <p>119-жаттығу.Сөздерді көшіріп жаз. <i>Лашын,лебіз,лайық,лезде,лауазым,рең,рәсім,разы,рауғаш,раушан.</i></p> <p>Сөз басындағы л,р дыбыстарының айтылуына назар аудар.Осы сөздердің мағынасын түсіндір.</p> <p>120-жаттығу. Мақалдарды оқып,жатқа жаз. <i>Еңбек түбі-рақат.</i></p> <p><i>Ағайынның алтын сарайынан</i> <i>Ананың жыртық лашығы артық.</i></p> <p>Сөз басындағы л,р әріптерінің астын сыз.Олардыңайтылуы мен жазылуын салыстыр.</p>	
Сергіту сәті	<p>«Жалғастыр ойыны» Сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз айту. Ол дыбыс дауысты ма, әлде дауыссыз ба себебін айту. Алма, ағаш, шар, радио, орамал, ... , ... , ...</p>	
Ой толғанис	<p>121-жаттығу.Л дыбысынан басталатын сөздерді бір бөлек, р дыбысынан басталатын сөздерді бір бөлек топтастырып жаз.Бұл сөздердің жазылуын есте сақта.</p> <p><i>Лақ,лай,лайық,лақтыру.</i></p> <p><i>Рұқсат,ренжу,рас,рет.</i></p> <p>122-жаттығу.Екі бағандағы сөздерді салыстыр.Содан соң одан қорытынды жаса.</p>	
Үйге тапсырма	41-бет.123-жаттығу	Күнделіктеріне жазып алады
Бағалау	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>	Бағалау парақшасын толтырады.
Кері байланыс		Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады

Тексерді:

